

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
23.11.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 23.11.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Бұл мәселе бойынша да сөз Марат Мұхаметқалиұлына беріледі.

КҮЛДІКОВ М.М. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын ұсынамыз.

Аталған келісімге 2021 жылғы 25 қазанда Ашхабадта қол қойылды.

Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы мен Түрікменстанның азаматтық қорғау саласындағы ынтымақтастығы үшін құқықтық база құру болып табылады.

Тараптардың біреуінің күштерімен және құралдарымен жойылмайтын төтенше жағдайлардың пайда болуын назарға ала отырып, тараптардың біреуінің аумағында төтенше жағдайлар пайда болған кезде бірлескен іс-қимылдардың арқасында осы келісімді іске асыруға мүмкіндік болады.

Аталған келісім:

тараптардың құзыретті органдары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге;

төтенше жағдайларды болжау, халықты қауіп төнген және туындаған кездегі іс-қимылдарға дайындау саласында тәжірибе алмасуға;

тараптар мемлекеттерінің оқу орындарында азаматтық қорғау саласында мамандар даярлауды жүзеге асыруға;

төтенше жағдайлардың алдын алу, пайда болу және оларды жою туралы ақпарат алмасуға;

тараптардың аумағында төтенше жағдайларды жою кезінде сұрау салу бойынша көмек көрсетуге;

мемлекеттік шекараны авариялық-құтқару құралымдарымен кесіп өтуге және тараптардың аумағында төтенше жағдай туындаған жағдайда күштер мен құралдарды әкелуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы теріс салдарға әкеп соқпайды және қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді, ал оны қабылдау табиғи апаттар тәуекелдерін азайтуға және тараптар аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жағымсыз салдарын азайтуға мүмкіндік береді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Скакова Айжан Амангелдіқызы.

СҚАҚОВА А.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Я поддерживаю данный законопроект, он очень нужен, и хотела бы задать вопрос по поводу научных исследований.

В Казахстане в области ЧС нам еще стоит обратить большое внимание на развитие научного потенциала и наращивать этот потенциал и проекты. В самом соглашении (в случае его ратификации) указано, что в соответствии со статьей 4 соглашения при наличии у каждой из сторон необходимых средств сотрудничество предусматривает совместную разработку и осуществление научно-исследовательских проектов.

Уважаемый Марат Мухаметкалиевич, скажите, пожалуйста, какие именно научные исследования планируется разрабатывать согласно этому соглашению? На Ваш взгляд, какие в первую очередь? Спасибо.

КҮЛДІКОВ М.М. Спасибо за вопросы.

Министерство по чрезвычайным ситуациям совместно с туркменской стороной планирует осуществлять проекты по оценке риска чрезвычайных ситуаций. Во-первых, это определение перечня опасных производственных объектов и других объектов, которые могут повлиять на окружающую среду двух стран.

Также мы собираемся проводить совместно с «Қазақстан Ғарыш Сапары» космический мониторинг и контроль за этими объектами и территориями.

Также от Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан и Министерства обороны Туркменистана будут работать совместные дежурные службы, которые будут все время находиться на связи и обмениваться информацией о чрезвычайных ситуациях. Кратко так.

ТӨРАҒА. Депутат Ахметов Мәди Абылайұлы.

АХМЕТОВ М.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жаканұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Құрметті Марат Мұхаметқалиұлы! Қаралып отырған келісімнің 4-бабына сәйкес ынтымақтастықтың аясында халықты төтенше жағдайларға дайындау, сонымен қатар алғашқы медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша тәжірибе алмасу көзделген. Дәл осы мәселені біз бір жыл бұрын Мәжілістің қабырғасында Үкімет сағатында көтерген болатынбыз.

Атап айтқанда, халықты алдын ала ескерту жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, сонымен қатар халықаралық тәжірибені негізге алу. Өзгені үйретпестен бұрын біз өз ішіміздегі осы жұмысты бір қалыпқа, бір жолға қойғанымыз абзал деп ойлаймын.

Жалпы, тәуелсіздік жылдарынан бері дәл бүгінгідей 37 келісімге біз қол қойып үлгердік. Осы келісімдердің аясында біз қай елдің озық тәжірибесін өзімізге қабылдадық және біздің отандық тәжірибе қай мемлекеттер үшін үлгі бола алды? Осы бойынша нақты мысалдар бар ма? Екіжақты келісімдер біздің кәдемізге жарап жатыр ма, әлде бұл саны бар, бірақ нәтижесі жоқ, сапасы жоқ келісімдер ме? Осыған нақты тоқталып өтсеңіз. Келісімде жазылған негізгі тармақтар іс жүзінде жүзеге асып жатыр ма? Рақмет.

КҮЛДІКОВ М.М. Орыс тілінде жауап беруге рұқсат етіңіз.

У нас имеется 37 международных договоров, в соответствии с которыми мы работаем. Сегодня мы работаем с четырьмя странами – Россия, Кыргызстан, Узбекистан и Таджикистан. С ними у нас имеются тесные взаимоотношения.

По вопросу о том, что мы можем перенять от этих стран, могу сказать, что на территории Казахстана сегодня имеем 40 трассовых медико-спасательных пунктов, которые обеспечивают безопасность дорожного движения. Этот опыт мы переняли у Российской Федерации. Узбекистан в этом году побывал в нашем Центре медицины катастроф и хочет перенять этот опыт.

Что касается других стран, то можно еще у Белоруссии взять, но сегодня пока нет такого, что мы могли бы перенять у кыргызов, таджиков, узбеков. Теперь они опыт перенимают у нас.

В этом направлении мы работаем и продолжим эту работу.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Марат Мұхаметқалиұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Хамзин Ғани Булатұлына беріледі.

ХАМЗИН Ғ.Б. Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги! Дипломатические отношения между Республикой Казахстан и Туркменистаном установлены 5 октября 1992 года. Близкие и совпадающие позиции служат надежной основой для эффективного взаимодействия Казахстана и Туркменистана в рамках международных организаций, прежде всего ООН, ОБСЕ, СНГ.

Масштабы и географические особенности региона СНГ предопределяют возможность возникновения на его территории большинства существующих видов стихийных бедствий. Кроме того, сложная экологическая обстановка усугубляет сложившееся положение дел в этом регионе.

Представленное на ратификацию соглашение направлено на укрепление сотрудничества между государствами в разработке и принятии эффективных практических мер для предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций,

учитывая, что обмен научно-технической информацией представляет взаимный интерес, исходя из взаимозависимости экологических систем обеих стран, требующей проведения согласованной политики по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций.

Законопроект рассмотрен на заседаниях рабочей группы и головного комитета.

Все комитеты Мажилиса представили свои положительные заключения, в которых поддерживают законопроект.

Предлагаю одобрить его и направить на рассмотрение в Сенат.

Прошу поддержать. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Раманқұлов Мақсат Базаралыұлына беріледі.

РАМАНҚҰЛОВ М.Б. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Қаралып отырған келісім екі мемлекеттің арасындағы достық қатынастарды нығайтуға, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға және өзге де зілзала салдарынан туындайтын төтенше жағдайлар саласындағы тараптардың өзара іс-қимылына бағытталған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 8-бабына сәйкес еліміз халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен тату көршілік қатынастар саясатын жүргізеді.

Қаралып отырған келісімнің нормалары Қазақстан Республикасы Конституциясының көрсетілген ережелерін іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталды.

Бұған қоса қаралып отырған келісімді жасасу трансшекаралық төтенше жағдайларға жедел ден қоюға, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы байланыстарды кеңейтуге және тәжірибе алмасуға жәрдемдесетін болады.

Осыған байланысты осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 98. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.



*Құжаттаманы қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Машғұ М. Машғынтаев*